

**Тәрбие сағаты: «Діни
экстремизмнің алдын
алу және жастарды имандылыққа
тәрбиелеу».**

Қүзіреттілікке жеткізетін іс-шараның мақсаты:
Студенттерге діни экстремизм мен терроризмнің мағынасын түсіндіру, заңсыз жат діни ұйымдар туралы мағлұмат беру.

- а) ақпараттық құзіреттілігі :** Оқушыларға имандылық туралы айтып беру және оның қасиеттері туралы түсіндіру.
- б) коммуникативтік құзіреттілігі :** Оқушылармен бірлескен іс-әрекеті арқылы, сұрақ-жауап арқылы пікір бөлісу.
- с) проблеманы шешу құзіреттілігі :** Оқушыларға тренингтер өткізіп, діни экстремизм туралы бейне клиптер көрсету. Исламның шарттарымен таныстыру. Осы тақырыпқа байланысты 31.03.2016ж Қазақ драма театрына «Жәннат» қойылымына бардық.

Экстремизм (Фр *extremisme*, лат. *extremus*) -«шеттеу» яғни орталықтан ауытқу, белгіленген жерден тыс кету деген мағына береді) — жалпы тәртіпті мойындамайтын, өзінің пікірімен ғана іс-әрекет жасаушы дегенді білдіреді.

Радикализм - латынның «radix» «түбір, тамыр» деген сөзінен шыққан. Термин саясатқа қатысты пайда болған. Радикализм – қоғамда қалыптасқан әлеуметтік-саяси жүйемен келіспей, оны түбірімен қайта құруды ұсынушы саяси топтың көзқарасы.

Терроризм - [лат. terror - қорқыныш, үрей] - саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану; ұғым XVIII соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиндықтар жүргізген репрессиялық саясатты атауда қолданылды.

Діни ағым атаулары:

Ахмади ағымы

Иегова куәлары

**Исматуллашылар
(зікіршілер) тобы**

**Халықаралық
Кришна санасы
ҚОҒАМЫ**

**Уаххабилік-діни-саяси
ағым немесе салафизм**

Мормондар

**Әт-Тәкфир уәл
Хижра**

Оккультизм

Бабизм-Бехаизм

Таблиғи жамағат

Хизбут-Тахрир

Абайдың 19-шы қара сөзінде:

Адам ата анадан туғанда есті болмайды; естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады.

Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда оны адам десе болады.



Жолдаудағы «XXI ғасырдағы Қазақстандағы дін» атты бөлімінде Елбасы бұл саладағы түйткілді мәселелерге ерекше тоқталып өтті. Аталған стратегияның басты ерекшелігі-ұлттық және рухани құндылықтардың кеңінен қамтылуы. Елбасы дін мәселесіне ерекше мән беріп, бұл саладағы жауапты адамдарға тапсырмалады жүктеді.

Түркия елінің Диярбакыр провенциясы



Франция елінің Париж қаласы



Бельгия елінің Брюссель қаласы





Египет елінің Шарм-эш-шейх қаласындағы Ресей ұшағы



Ескерту

- *1. Көшеде кезіккен уағыздаушылармен сойлеспендер.*
- *2. Егер сізге көшеде уағыздаушылар діни ағым туралы оқулықтар ұсынса, алудан бас тартыңыздар.*
- *3. Діни ағымды уағыздаушыларға кезіккенде дін туралы өз ойыңызды ашық айтпаңыз.*
- *4. Егер сіз діни ұйымның кеңесіне барғыңыз келсе, алдын-ала ата-анамен, ағайындарыңызбен ақылдасып алыңыз.*
- *5. Өзіңізді діни теріс ағымнан ашақ ұстау рухани дүниеңізді, тіпті өміріңізді аман алып қалатынын естен шығармаңыз.*

Теріс діни ағымдағы оқулық



“Жәннат” қойылымына барған сәтіміз





● *Назар аударып тыңдағандарыңызға*

● *рахмет*

